

Roals

Ысқақ Әліұлы

КӨК



ҚАЛА

Қорғап ал, сен де атақты,
 Қолда жұмыс барында.
 Алға түс, інім, адымда,
 Орда бұзар шағында - демекпін.
 1 маусым – Балалар күні

Сәбилер мекені бала-бақша



«Үкіметке әкімдермен бірлесіп үстіміздегі жылдың бірінші жартысында-ақ балаларды мекетеп жасына дейінгі оқумен және тәрбиемен қамтамасыз етуді арттыртуға бағытталған «Балапан» арнайы бағдарламасын әзірлеп, іске асыруға кірісуді тапсырамын». Н.Назарбаевтың жолдауынан. Бала -

бақша басшылары жайлы

Қоғамдағы өзгерістен соң 48 бала – бақшадан қалалық білім беру бөліміне қарасты 6-ақ

бала-бақша жұмыс істеп қалды. Оның басшылары Мрясова Римма Михайловна (Алмагүл), Нұрыметова Сарсенкүл Шадиевна (Алия), Шайымова Сәуле Бекетовна /Дәуір/, Алпысбаева Тамара Сейдулаевна (Таңшолпан), Шойбекова Татьяна Абзихановна (Қамқор), Хабибова Дилдор-ханум (Балапан) қиын-қыстау кезеңде осы бала-бақшаларды аман алып қалып осы күнге, кеңес кезіндегідей дәрежеге жеткізді. 2005 жылы қаланың 50 жылдығына байланысты «Дәуір» мен «Әлияның» Байылдыр мен Бүргемде филиалы ашылды. Байылдырдағы филиал бала-бақша өз алдына жеке ашылып кетті, ал Бүргемдегі «Ботакөз» бала-бақшасы әлі әрі -сәрі... Жолым түсіп «Таңшолпан» бала-бақшасына соқтым. Қазір кейбір бала-бақшалардың меңгерушісі өгеріпті. Өзін Досмұратова Күләш Абжалилқызы деп таныстырған жүзі жылы апаймен тез тіл табысып, кабинетінде әңгімелесіп кеттік. 1962 жылы туылған Күләш Абжалилқызы 1982 жылы Түркістан педучилищесінің мектепке дейінгі бөлімін бітіріпті, ал 1990 жылы сырттай оқып, Талдықорған пединститутында педогог-психолог мамандығын алыпты. Отбасылы, 2 қызы бар. Жолдасы Болат «Қазақстан қағазы» АҚ цех

бастығы. Еңбек жолы «Бауыржан», «Алмагүл» бала-бақшаларында тәрбиеші, әдіскері болып жұмыс істеп, 2003 жылы «Таңшолпан» бала-бақшасына меңгеруші болып тағайындалыпты. Бала-бақшаңыз туралы - деген сұрағыма: бізде 1 топ коммерциялық, 4 топ бюджеттік. Қазір 132 бала тәрбиеленеді, негізі бала – бақша 6 топқа, яғни 140 балаға бейімделіп салынған. Өткен жылы «Жол картасына» еніп, күрделі жөндеуден өтті. Әйтседе әлі де атқарылар жұмыс көп, әсіресе кір-су шаятын жайымызды жаңартып, бассейнді іске қосуды жоспарлаудамын. Тағы бір айтарым: бала-бақшалар мемлекеттік мекемеге өтсе жөн еді. Қазір көп жерде мемлекеттік мекемеге айналған, ал бізде әлі коммуналдық-қазыналық кәсіпорын. Тәрбиешілер Айгүл, Мәлика, Рыскүл, Ұлбосын, Ляззат, Күлия, Ғалия, Қарлығаштардың көмекшілері Зухра, Гүлфари, Майра, Қанымкүл, Зайралар өз істерінің нағыз маманы. Шаруашылық меңгерушісі Анаркүл, мейірбике Ақбаян, ән жетекшісі Тамара, аспаздар Ляззат пен Мөлдір нағыз бесаспап жандар. ҚБББ нен Идрисова Ақжарқын Құрманқызы әдістемелік нұсқау беріп, жұмысымызға бағыт-бағдар беріп үнемі қадағалайды. – Мені кезінде Римма Михайловна да, басқалары да «господин Алиев» деуші еді, ол кісі қазір қайда, жұмыс істеп жүр ме дегенімде: ол апай зейнеткерлікке шықты, бірақ орнына әлі ешкім тағайындалған жоқ – деп, қысқа жауап берді. Сыртқа шығып, ойын ойнап жүрген әр топты бірге аралап балалардың бұл-бұл жайнаған бақытты жүздеріне, күмістей күлкілеріне қарап, екеуімізде риза болдық. Қоштасарда алда балалар күні келе жатыр, соған бір мақала берсем деп, мына екі суретті қиылып сұрап алдым.

«Таңшолпанда» бір апай,

Күләш атты есімі.

Бара қалсаң жолшыбай,

Ашық бақша есігі – деп барлық балаларды және бала-бақша қызметкерлерін 1 маусым – балалар мерекесімен құттықтаймын.

Ұстаз ұстаз жайлы



Географ Нұрдаулет

«Ұстаздар мен шәкірттер үшін жылына екі қуаныш бар. Бірі-соңғы қоңырау, бірі-алғашқы қоңырау» . Автор